

Тәуелсіздік - тұғырым

Тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай дөңгелек үстел өтті



Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай «Тәуелсіздік - тәу етер жалғыз кие» атты дөңгелек үстел өтті

**Тәуелсіздік – ең ба-
сты құндылығымыз.
Қазақстан жоғары
Кеңесі 1991 жы-
лы 16 желтоқсанда
Қазақстанды Тәуелсіз
Республика деп жа-
риялады. Кеңес
үкіметінің бұғауында
болған Қазақстан
егемен ел болды.**

Желтоқсан айының 13 күні орталық аудандық кітапхана төрінде Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай «Тәуелсіздік - тәу етер жалғыз кие» атты дөңгелек үстел өтті.

Аталған іс-шараның мақсаты туған жерге деген сүйіспеншілік сезімін, патриот-

тық сезімін ояту, елге деген құрметті ояту және «Қазақ елі жүріп өткен жол» тақырыпта-рында ой толғау болды.

Мағынасы тереңде жатқан іс-шараға желтоқсанның ызғарын сезініп, қиын оқиганың, жастар шеруінің куәсі болған сол кездегі Алматы қаласының студенттері қатысты. Бүгінде ауданымызға еңбегін сіңіріп келе жатқан Әділ Кушанов, Перузат Кушанова, Наталья Чупанова және Бибижан Зайырбаева өткен күнге көз жүгіртіп, сол кездегі оқиға жайлы жастарға айтып өтті.

Әділ Өтегенұлы кешегі күнді еске алып, Тәуелсіздік алғалы еліміздің өсіп-өркендегенін және Тәуелсіздіктің ел дамуындағы мән-маңыздылығына тоқталды.

Шараға қатысқан К. Дөнен-

баева атындағы Боровской кәсіптік-техникалық колледжінің бір топ студенттері аға-әпкелерінің әңгімесін тыңдады.

Еліміздің ең ұлық мерекесі – Тәуелсіздіктің 30 жылдығына арналған шара барысында еліміздің жеткен жетістіктері жайлы айтылып, 30 жылда қол жеткізген табыстары жайлы бейнеролик және кітап көрмесі көрсетілді.

Жиылған қауымға «Юбилейный» мәдениет үйінің өнерпазы Байдос Қожасағиев Тәуелсіздік жайындағы тамаша жыр-термесін орындаса, Ғаббас Жұмабаев атындағы Боровской мектеп-гимназиясының шәкірті Жанерке Хасенова жиылған жұртшылыққа Тәуелсіз еліміз жайлы жыр-шумақтарын арнады.

Тәуелсіздіктің төл құрдастары, Боровской санаторлық

мектеп интернатының ұстаздары Арман Кәденов және Жарқын Сүлейменов іс-шараның мән-маңыздылығына тоқталып, барша жерлестері мен замандастарын мерекемен құттықтады.

«Еңку-еңку жер шалып, егеулі найза қолға алып», ұлан байтақ жерді көздің қарашығындай қорғап қалған ата-бабаларымыздың ақ арманы бүгін орындалды. Тарихқа тағзым ету, елдікті құрметтеу, Егемен елімізді одан әрі нығайту – баршамызға артылған міндет.

Бүгінгі жас осы орайда аянбай еңбек етіп, жарқын қоғамды қауыптастыруда өз үлестерін қосып келеді. Жастарымыз бұл міндетті әрдайым абыроймен орындайды деген сенімдеміз.

Тұрсыннай МҰХТАРҚЫЗЫ